

## Байланыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 549 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 желтоқсанда № 18078 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 13 сәуірдегі № 135/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 13.04.2020 № 135/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мынадай мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары бекітілсін:

1) Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.04.2020 № 151/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру, жою, ұзарту және қайта ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.04.2020 № 168/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.04.2020 № 151/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.04.2020 № 168/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі*

*Д. Абаев*

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 549 бұйрығына  
1-қосымша

## **"Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.04.2020 № 151/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 549 бұйрығына 2-қосымша

# **"Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

нөмірлеу ресурсын бөлу немесе алып қою туралы бұйрық;

дәлелді бас тарту болып табылады.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған, электрондық құжат түрінде жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі–техникалық жұмыстарды жүргізумен байланысты үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе уәкілетті өкілдің: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат

бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

оператор қатысатын әрбір өңірде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларын таңдау мақсатында желілерді қосудың стандартты нүктелері болып табылатын оператор желісінің коммутациялық станциялары;

жаңадан енгізілетін немесе бұрын қолданыста болған қызметте қызметке қол жеткізу кодын 1, 2, 3 және 4 пайдалана отырып, байланыс қызметтерін көрсететін "XXX" операторының кодын алу үшін құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

көрсетілетін қызметтің толық сипаттамасы;

нөмірлеу ресурсын алу үшін негіздеме:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушы ресімдеген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау префиксін алу үшін құжаттар тізбесіне қосымша байланыс қызметін ұйымдастырудың транзиттік мақсаттылығының тізбесі ұсынылады;

ұсынылатын байланыс қызметін көрсету тәсілінің нақты сипаттамасы;

қоңырауларды тарифтеу және бағыттау бойынша ұсыныстар.

"XXXX" қызметі абоненттерінің логикалық нөмірлері қызметті абоненттеу кезінде байланыс операторларына (4, 5, 6 және 7 қызмет провайдерлеріне) бөлінеді.

нөмірлеу ресурсын алу үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің нөмірлеу ресурсын бөлу туралы бұйрығы туралы мәліметтерді көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы ресімдеген бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын алуға өтініш.

Көрсетілетін қызметті алушы жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 14-кіреберіс, 8 (7172) 74-03-64 телефоны бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес жазбаша нысанда поштамен, көрсетілетін қызметті берушінің немесе кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауапты алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінде" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен мерзімі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) – Министрліктің интернет-ресурсында;
- 2) порталда орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушы қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты ала алады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша  
Нысан

#### **Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш**

1. Өтініш беруші (заңды тұлғалар үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)).

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

3. Пошталық мекенжайы.

4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).

5. Банктік деректемелер.

6. Уәкілетті орган берген лицензиясының және оның қосымшасының деректемелері (лицензияланатын байланыс қызметтерін көрсеткен жағдайда).

7. Желінің толық және қысқартылған атауы (егер болса).

8. Желіні құруға және пайдалануға жауапты тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда).

9. Сұратылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.

10. Сұратылатын нөмірлеу ресурсын пайдалану болжанып отырған аумақ.

Қоса берілетін құжаттар:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ресімделген түсіндірме жазба;

---

(өтінішке қол қоюға уәкілетті (лауазымды тұлғаның тегі, аты, тұлғаның лауазымы) әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша  
Нысан

## **Түсіндірме жазба**

1. Желінің атауы және түрі.

2. Желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің әкімшілік-ұйымдық қағидаттары (меншік нысандары, иесі, пайдаланатын ұйымдар, ұйым – халықаралық оператор , олардың құқықтық және функционалдық қатынастары).

3. Өтінім берілген кезде желінің пайдалануға әзірлігі (немесе пайдалануды бастау мерзімі).

4. Желі құрудың қысқаша техникалық қағидаттары:

1) құрылымы, оның ішінде қалааралық (халықаралық, аймақішілік) желілермен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын элементтер;

2) қалааралық (халықаралық) желілермен түйіндесуді техникалық қамтамасыз ету (желіаралық түйіндесу хаттамалары, тікелей түйіндесу, байланыс арналарының түрлері және оларды ұйымдастыру тәсілдері).

5. Желінің қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін, IP-телефония қызметтеріне ( Интернет-телефония) және байланыстың зияткерлік желілер қызметтеріне ұсыну үшін ұйымдастыру-техникалық дайындығы (шет елдердің түйіндесу желілерінің операторларымен, отандық желілермен немесе транзит беру туралы халықаралық транзиттік тораптармен, халықаралық арналар жабдықтаушыларымен келісімдердің бар-жоғы, техникалық құралдардың бар-жоғы және функционалдық дайындығы).

6. Желінің жұмыс істеу ауқымы:

1) желі топологиясы (желі қамтитын Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, басқа да шет елдердің қалалары мен өңірлерінің тізбесі);

2) пайдаланушылардың, оның ішінде қалааралық (халықаралық) байланыс қызметтерін пайдаланатындардың саны;

3) тікелей түйіндесу жүргізілетін шетел желілері мен транзиттік тораптарының тізбесі;

4) пайдаланушыларға мәлімделген желімен тікелей түйіндесуі жоқ шетел желілерінің абоненттеріне шығуды ұсыну мүмкіндігі;

5) қалааралық (халықаралық) трафик (кіріс, шығыс);

6) көрсетілетін қызметтердің құрамы.

7. Желіні нөмірлеу жоспарын құру қағидаттары.

8. Көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы.

Ескертпелер:

1) 4, 5-тармақтар бойынша мәліметтер өтініш беру кезіндегі жағдайы бойынша жазылады және желіні дамыту жоспарлары бойынша деректер келтіріледі;

2) 5-тармақ тек нөмірлеу аймағының "DEF" кодтарын, "DEFX1" және "DEF X1 X2" кодтарын, көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік кодтарында "X1X2X3(X4)" байланыс операторларының (көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің) кодтарын сұрататын операторлар үшін, оператордың таңдау префиксін сұрататын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары үшін қолданылады;

3) 6-тармақтың 3) – 5) тармақшалары тек нөмірлеу аймағының "DEF" кодтарын, "DEF X1" және "DEF X1X2" кодтарын сұрататын операторлар үшін қолданылады;

4) егер бұрын лицензия алуға түсіндірме жазбадағы нөмірлеу жоспары өзгертілсе, осы түсіндірме жазбаның 7-тармағы бойынша жаңа нөмірлеу жоспары қоса беріледі.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және  
нөмірлерді беру, сондай-ақ  
оларды алып қою" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына 3-қосымша  
Нысан

## **Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш**

1. Өтініш беруші (заңды тұлға үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты).

2. Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі.



3. Пошталық мекенжайы.
4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).
5. Алып қоюға ұсынылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.
6. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш берген аумақ.
7. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш беру себептері.

---

(өтінішке қол қоюға уәкілетті (лауазымды тұлғаның тегі, аты, тұлғаның лауазымы) әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2018 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 549 бұйрығына  
3-қосымша

## **"Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру, жою, ұзарту және қайта ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру, жою, ұзарту және қайта ресімдеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Телекоммуникациялар комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға жүгінген сәттен бастап:

1) Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін (бұдан әрі – РЖС) пайдалануға рұқсат беру – 20 (жиырма) жұмыс күні;

2) РЖС пайдалануға рұқсатты ұзарту – 5 (бес) жұмыс күн;

3) Қазақстан Республикасының РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу – 10 (он) жұмыс күн;

4) РЖС пайдалануға рұқсаттың күшін жою – 10 (он) жұмыс күн.

Халықаралық үйлестіруді жүргізу қажет болған жағдайда мерзімі төрт айдан аспайтын уақытқа ұзартылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының РЖС пайдалануға рұқсат;

Қазақстан Республикасының РЖС пайдалануға рұқсаттың күшін жою, ұзарту, қайта ресімдеу;

осы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Төлем мөлшерлемесі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Төлем қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейлі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Порталдың жұмыс кестесі – техникалық жұмыстарды жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады) тәулік бойы.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) РЖС пайдалануға рұқсат беру:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

сұралып отырған радиожиіліктер белдеуінің (номиналының) негіздемесі келтірілген түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің ( радиотораптардың) мақсаты мен сипаты, пайдаланылатын стандарттар мен

хаттамалар, қолданылуы жоспарланып отырған радиоэлектрондық құралдардың ( бұдан әрі – РЭҚ) техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер егжей-тегжейлі баяндалады;

HUB-станциясымен спутниктік байланысты ұйымдастыру үшін бөлінетін радиожиилік номиналдарын (жолағын), ЭИСК, сәуле шығару класы, VSAT-станциялар үлгісін көрсете отырып, спутниктік байланыс операторы хатының көшірмесін;

Қазақстан Республикасының аумағында геостационарлық емес спутниктерді пайдалану үшін Халықаралық электр байланыс одағының Радио байланыс регламентіне сәйкес геостационарлық емес спутниктік желісін тіркеуге Халықаралық электр байланыс одағының оң қорытындысының көшірмесі;

телерадио хабарларын тарату мақсатында жиілік белдеуін, радиожиилікті ( радиожиилікті арналарды) бөлу бойынша өткізілген конкурстың оң нәтижесі;

Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері үшін Қазақстан Республикасының аумағында РЖС рұқсатын алуға келісім туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі хатының көшірмесі қоса беріледі;

РЭҚ-ға тиісті радиобайланыс түріне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін техникалық деректерімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама).

## 2) РЖС пайдалануға рұқсатты ұзарту:

өткен жыл үшін мемлекеттік бюджетке және РЖС пайдаланғаны үшін жылдық төлемнің бірінші бөлігін төлегенін растайтын құжат.

## 3) РЖС қайта ресімдеу:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

түсіндірме жазба;

Кеме станциясының рұқсаты үшін теңіз кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы туралы куәлікті ұсыну қажет.

РЖС рұқсаттың көшірмесі (қағаз тасығышта алған жағдайда);

РЖС-ға рұқсатты электрондық түрде (портал арқылы) алған жағдайда РЖС-ға рұқсаттың көшірмесі талап етілмейді.

заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда - құқықтық мирасқорлығын растайтын құжат;

РЭҚ-ға тиісті радиобайланыс түріне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша

толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін техникалық деректерімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама).

РЖС-ға электрондық түрде (портал арқылы) алынған рұқсаттарды қайта ресімдеген жағдайда РЭҚ-қа сауалнама талап етілмейді.

4) РЖС күшін жою:

бас тарту себебі мен РЖС рұқсаттың күшін жою күні көрсетілген еркін нысандағы өтініш;

РЖС-ға рұқсат (портал арқылы электрондық түрде РЖС-ға рұқсат алған жағдайда, бұл құжат талап етілмейді);

ұсынылған хабарламаға сәйкес өтінім беру сәтіне дейін өңірлер бойынша РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде өтініштерді одан әрі қарудан бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер:

1) мәлімделген радиожилік белдеулерінің, радиожиліктердің (радиожилік арнасының) ұлттық жиіліктер белдеулерін бөлу кестесіне сәйкес келмеуі;

2) мәлімделген радиоэлектрондық құралдардың сәуле шығару және қабылдау параметрлерінің радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету саласындағы талаптарына, нормаларына сәйкес келмеуі;

3) қолданыстағы және пайдаланылуы жоспарланған радиоэлектрондық құралдармен электромагниттік үйлесімділік сараптамасының теріс қорытындысы ;

4) азаматтық пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте пайдаланушыларға бұрын иелікке берілген мәлімделген радиожилік белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арнасын) пайдалануы;

5) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беретін, байланыс саласындағы радиожиліктерді пайдаланатын кәсіпкерлік қызмет түріне тиісті лицензияның болмауы;

6) жиілік белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арнасын) Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органымен келісу жүргізудің теріс нәтижелері;

7) радиожіілікті (радиожіілік арнасын) халықаралық үйлестіру рәсімдерін жүргізудің, егер мұндай рәсім Халықаралық электрбайланыс одағының радиобайланыс регламентінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе, теріс нәтижелері болып табылады.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 14-кіреберіс, 8 (7172) 74-03-64 телефоны бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес пошта байланысы арқылы жазбаша түрде, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған тұлғаның тегін және аты-жөнінің бірінші әріптерін, берілген шағымға жауапты алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы жолдаған кезде " жеке кабинетінде" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

заңды тұлғаның – атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) – Министрліктің интернет-ресурсында;
- 2) порталда орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты ала алады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің [www.mic.gov.kz](http://www.mic.gov.kz) интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Қазақстан Республикасының  
радиожилілік спектрін  
пайдалануға рұқсат беру, жою,  
ұзарту және қайта ресімдеу"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 1-қосымша  
Нысан

**KZ № 000000\* Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға РҰҚСАТ РАЗРЕШЕНИЕ на использование радиочастотного спектра Республики Казахстан РЧС № А/ВВ-ССС/ДДДД**

Берілді (жеке немесе заңды тұлғаның атауы)  
Выдано (наименование физического или юридического лица)  
Ұйымдастыру үшін (радиобайланыс түрі)  
Для организации (вид радиосвязи)

**Мынадай деректері бар радиожиліктерді пайдалануға рұқсат етіледі:  
Разрешается использовать радиочастоты со следующими данными:**

Р/с. №№ п/п	Орнатылған Пункт/ Пункт установки	Жабдық түрі/ Вид оборудования	Тасымалдау жиліктері/ Несущие частоты, МГц	Қуаты/ Мощность Вт	Антенна аспасының биіктігі/ Высота подвеса антенны, м	Ескертпелер/ Примечания
-------------------	---	-------------------------------------	--	--------------------------	---	----------------------------

Рұқсаттың қолданылу мерзімі: күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейін.

Срок действия Разрешения: до 25 марта календарного года.

Берілген күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Дата выдачи: "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

Басшы (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Руководитель(Фамилия, имя, отчество (при наличии) \_\_\_\_\_

(қолы/ подпись) (келесі жағы) (оборотная сторона)

Ө Б С Н *	
УИНЗ*	
Н е г і з	
Основание	
Қ о с ы м ш а	м ә л і м е т т е р :
Дополнительная информация:	

Рұқсаттың қолданылу шарттары:

1. Рұқсат радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес жылдық төлемді жүргізген кезде қолданыста болып есептеледі және жыл сайын Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақы төленгенін растайтын құжат ұсынған кезде ұзартылады.

2. Қызметін ұқсас сигнал арқылы жүзеге асыратын радиожілілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін телевизия және радио хабарларын тарату ұйымдарынан алым алынады;

3. РЭҚ\*\* -тың барлық параметрлері сауалнама деректеріне сәйкес болуы тиіс.

4. РЭҚ\*\* техникалық параметрлеріне және орнату орнын ауыстыруға тыйым салынады.

Условия действия Разрешения:

1. Разрешение считается действительным при условии ежегодной уплаты за использования радиочастотного спектра в соответствии с Кодексом Республики Казахстан "О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)" от 25 декабря 2017 года и продлевается в территориальном подразделении Уполномоченного органа при предъявлении подтверждающего документа об оплате в государственный бюджет за использование радиочастотного спектра.

2. За выдачу разрешения на использование радиочастотного спектра телевизионным и радиовещательным организациям, осуществляющим деятельность посредством аналогового сигнала, взимается сбор.

3. Все параметры РЭС\*\* должны соответствовать анкетным данным.

4. Запрещено изменять технические параметры и место установки РЭС\*\*.

основные сокращения: \*

ӨБСН/УИНЗ – өтінім берушінің сәйкестендіру нөмірі/уникальный идентификационный номер заявки;

\*\*РЭҚ/РЭС – радиоэлектрондық құрал/радиоэлектронное средство.

"Қазақстан Республикасының  
радиожілілік спектрін  
пайдалануға рұқсат беру, жою,  
ұзарту және қайта ресімдеу"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
стандартына 2-қосымша

## **Төлемақы мөлшерлемелері**

1. Төлемақының жылдық мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салық кезеңінің бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – төлемақы мөлшерлемесі) мөлшерінің негізінде, радиобайланыс түріне, пайдаланылатын жиіліктердің номиналдарына (диапазон белдеулеріне), радиоұзартқыштар жинақтамаларына, пайдалану аумағына, сондай-ақ байланыс қызметтері ұсынылатын елді мекен аумағында тұратын халықтың санына, сондай-ақ таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына байланысты айқындалады.



2. Радиобайланыстың мына түрлеріне төлемақының жылдық мөлшерлемелері келесіні құрайды:

Р/с №	Радиобайланыс түрлері	Пайдалану аумағы	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4
1	Дербес радиошакыру радиожүйелері (ені 25 кГц жиілік белгіленгені үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	10
2.	Транкинг байланысы (қабылдауға ені 25 кГц/ беруге 25 кГц радиоарна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	140
2)		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	80
3)		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
3.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (қабылдауға ені 25 кГц/25 кГц дуплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	80
2)		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	60
3)		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	15
4.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (ені 25 кГц симплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	30
2)		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	20
3)		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
5.	Таратқыштың шығу қуаты: - 50 Вт-қа дейін; - 50 Вт-тан астам болған кезде ҚТ-байланыс (бір жиілік белгіленгені үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	1020
6.	Радиоұзартқыштар (арна үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2
7.	Ұялы байланыс (қабылдауға ені 200 кГц/беруге 200 кГц жиілік белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2850
7.1	Үшінші буын ұялы байланысы және төртінші буын ұялы байланысы (қабылдауға ені 2 МГц/ беруге 2 МГц радиожілік белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы қалалары	2650

8.	Жаһандық дербес жылжымалы спутниктік байланыс (қабылдауға ені 100 кГц/беруге 100 кГц жиіліктердің дуплексті белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	20
9.	HUB–технологиялы спутниктік байланыс (HUB-қа пайдаланылатын қабылдауға ені 100 кГц/беруге 100 кГц белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	30
10.	HUB-технологиясыз спутниктік байланыс (бір станция пайдаланатын жиіліктер үшін)	Қазақстан Республикасы	100
11	Радиорелелі желілер (бір аралықтағы дуплексті арна үшін):		
1)	жергілікті	аудан, қала, кент, ауыл, ауылдық округ	40
2)	аймақтық және магистральдық	Қазақстан Республикасы	10
12	Сымсыз радио қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
1)		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	25
2)		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	2
13.	КБС-технологиясы пайдаланылған кезде сымсыз радио қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц дуплексті арна үшін)		
1)		Астана, Алматы қалалары	140
2)		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	70
3)		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	5
14.	Эфирлік-кабельдік телевизия (8 МГц жиілік белдеуі үшін)		
1)		халқының саны 200 мың адамнан асатын елді мекен	300
2)		халқының саны 50 мыңнан 200 мың адамға дейін болатын елді мекен	135
